

- **ТАҚЫРЫП 2. ӨТПЕЛІ
ЭКОНОМИКАНЫҢ МӘНІ МЕН
ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ**

- **Дәріс жоспары (1 сағат)**

- 1. Әміршіл-әкімшіл экономиканың нарықтық экономикаға ауысу мәселелері мен нәтижелері.
- 2. ҚР өтпелі экономикасын мемлекеттік реттеу.
- 3. ҚР экономикасын реформалау кезеңдері.

- **Экономикалық жүйе** — бұл материалдық, рухани игіліктер мен қызметтерді өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы байланыстардың ерекше реттелген жүйесі.



- Әміршіл-әкімшіл экономикалық жүйе – орталықтанды-рылған жоспарлауға, өндірістің барлық факторларына мемлекеттік меншіктің орын алуына негізделген қатынастар.



Сипатты белгілері:


- өндіріс құрал-жабдықтарына деген мемлекеттің меншіктің орын алуы;
- экономиканы орталықтан жоспарлау;
- өндірушілердің монополиялануы;
- ресурстардың орталықтандырылған қоры.
- ынталандырудың нарықтық жүйесінің болмауы.

- **ӨТПЕЛІ** кезеңдегі мемлекеттің экономикалық функциялар мен оны әміршілік экономиканың, нарықтық экономикаға көшу процесін реттеу арқылы **ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНАДЫ.**



- **ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ КОНВЕРГЕНЦИЯ** - бұл мемлекеттік реттеудің қалыптасу процесінің мазмұны.
- **ТРАНСФОРМАЦИЯ** өзінің мемлекеттік реттеуден, өтпелі экономикаға жат, жалпы мемлекеттік орталықтан жоспарлаудан шығуын білдіреді.
- **КОНВЕРГЕНЦИЯ** - өтпелі кезеңде объективті түрде болатын әдістердің үйлесуі болып табылады.

- Мемлекеттің әміршілдік-әкімшілік функциялары нарыққа жақындаған сайын біртіндеп азаяды, бірақ әлі көп уақыт бойы оның әсері тоқтамайды.



- Сонымен, мемлекет функциялары көшпелі кезеңде мынадай статистикалық және динамикалық сипаттамаларға ие, олар құрылымы бойынша үш құраушы блоктың күрделі функцияларынан тұрады.

1. Әкімшілік экономика жағдайларындағы мемлекет функцияларының блогы (F1)
2. Бұрыңғыдан бас тарту және жаңа құқықтық база мен нарықтық ортаны құрумен байланысты функциялар блогы (F2)
3. Нарықтық экономиканы реттеудің функциялар блогы (F3)

- ҚР тәуелсіздік алғаннан кейін ең алдымен барлық тауарлар мен қызметтердің бағасын либерализациялау мен мемлекеттің меншігін жекешелендіру қажет еді.





Экономиканы ырықтандыру (либерализация) – бұл экономикалық хаос, абсолютті еркіндік емес, ол шаруашылық етудің еркін тәртібі, елде қабылданған заңдар арқылы демократиялық жолмен экономикалық іс-әрекетті жүзеге асыру.

- **Жекешелендіру** (лат, privates - жеке) – мемлекеттік немесе муниципалды меншік объектілерін тегін немесе ақылы жеке меншікке айналдыру.
- Жекешелендіру мемлекетсіздендіру деп аталатын кең мағыналы процестің бір бөлігі.



- **Жекешелендірудің басты мақсаты** — жекшелендірілген кәсіпорындарда экономикалық өсуі арқасында ұлттық экономиканың тиімділігін арттыру.

- Сонымен қатар, мемлекетік **бюджет тапшылығын азайту.**



- Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру процесін 4 кезеңге бөліп қарауға болады:
- 1-ші кезең 1991-1992 жылдар арлығын қамтиды. Бұл кезеңде мемлекеттік орталықтандырылған — жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өту үшін жағдай жасау мақсатында кең ауқымды реформалау болды.

- 2-ші кезең 1993-1995 жылдарды қамтиды. Жекешелендірудің 2-ші кезеңінің негізгі мақсаты - мемлекеттің республика халқына ұлттық мүлікті өндіріс объектілері мен басқа да мемлекетке тиесілі материалдық және материалдық емес активтерді қайтару.

- 3-ші кезең 1996-1998 аралығын қамтыды басты мақсаты жекшелендіру процесін аяқтау жолымен Қазақстан Республикасының экономикасында жеке меншік секторлардың басымдылығына қол жеткізу және оны бекіту болып табылады.

- 4-ші кезең 1999-2000 жылдар аралығын қамтиды.
- Бұл кезеңнің негізгі мақсаты- жекелендіру мен мемлекеттік мүлікті басқарудың құқықтық негіздерін жетілдіру, есепке алуды жақсарту, басқарудың тиімділігін жоғарылату және мемлекеттік мүлікті конкурстық және транспаранттық негізде жекешелендіруді қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының нарықтық экономикаға көшуінің басты мәселелері:

1. Мемлекет меншігін мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру.

2. Қазақстандық кәсіпкерлердің әлеуметтік тобын құру (10-15% еңбекке қабілетті халықтың жалпы санынан).

3. Тауар және қор биржаларын, сондай-ақ нарықтың әр түрлерін құру сияқты нарықтық инфрақұрылымды құру.

4. Бәсекелестік пен кәсіпкерлікті дамыту мақсатында экономиканы демонополизациялау.

5. Бағаларды бейтараптандыру, сұраныс пен ұсыныс негізінде нарықтық сипаттағы бағаларға көшу.

Экономикалық қатынастар
трансформациясының процесін қарастыра
отырып, дағдарысқа қарсы басқарудың келесі
кезеңдерін қарастыруға болады.

Болжамдық ретінде сипаттауға болатын **бірінші**
кезең (1989-1991 жж.) әлеуметтік—
экономикалық дамудың жалпыодақтық
бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

Екінші кезең (1992-1993 жж.)
кәсіпорындардың өндірістік–шаруашылық іс-әрекетін басқару формалары мен әдістерін күрделі түрде өзгертпей, бұрынғы салалық министрліктерді акционерлеу процедурасын рәсімдеу жолымен жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асыру процесіндегі, ұлттық институционалдық қайта құрулардың басталуымен сипатталды.

- **Үшінші кезең** (1993ж. 15 қарашасынан 1996ж. аралығы) **ұлттық валютаны енгізумен және монетаристік әдістәсілдермен оны нығайтуға ұмтылыстан басталды.**



Төртінші кезең (1997-1999жж) әлемдік нарықтардағы конъюнктурада тәуелді экономиканың тұрақсыздығымен сипатталады.

Бесінші кезең (1999-2007жж) экономикалық өсімнің тұрақтылығымен байланысты.